

# Ленин туғаны

ҚН(б)П СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ КОМИТЕТІНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ ОБЛЫСТЫҚ СОВЕТІНІҢ ЖӘНЕ ҚН(б)П ПЕТРОПАВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТІ

№186 (8646)

Жума 21 сентябрь 1945 жыл

Шығуына 27-жыл  
Және саны 20 тыйын

Қазақ ССР Халық Комиссарлары Советі мен Қазақстан К(б)П Орталық Комитетінде

## Қазақ ССР колхоздары мен совхоздарында мал қыстатуға әзірлік туралы

Қазақ ССР Халық Комиссарлары Советі мен Қазақстан К(б)П Орталық Комитеті «Қазақ ССР колхоздары мен совхоздарында мал қыстатуға әзірлік туралы» мәселе талқылап, республиканың көптеген колхоз, совхоздарында мал қыстатуға әзірліктің тиісті қанғаттанғысыз жүргізіліп отырғандығын атап көрсетті.

Быйылғы 1 септібрге дейін жай мал азығын дайындау жоспары тонна есебі мен колхоздарда 75 процент, Қазақ ССР Совхоздар Халық Комиссариатының совхоздарында небары 43,7 процент; мал азығын сүрлеу жоспары осы мерзімге дейін колхоздарда 48,3 процент және совхоздарда—23,4 процент орындалды. Малды жайып бағу учаскелерінде сақтық пішін қоры колхоздар бойынша тапсырмаға қарағанда 23,4 процент, совхоздар бойынша 43,5 процент дайындалды.

Мал азығын дайындауда әсіресе Шығыс Қазақстан, Ақмола, Ақтөбе Семей, Батыс Қазақстан облыстарының колхоздары артта қалды. Зайсан ауданының колхоздары мен шабу жоспарын быйылғы 1 септібрге дейін тек 27,6 процент, Марка көл ауданының колхоздары —34,4 процент, Панфилов ауданының колхоздары —34,5 процент және Қобды ауданының колхоздары 36 процент орындады. Қазақ ССР Совхоздар Халық Комиссариатына қарасты Жарық совхозы мал азығын дайындау жоспарын тек 19 процент; Қаракөл совхозы (Семей облысы)—17,9 процент орындады.

Малдың азықпен тиісті жеткіліксіз қамтамасыз етілгендігіне қарамастан, республикада мал қыстатуға әзірлік туралы

колхоздар мен совхоздарда мал қыстатуға әзірліктің барысы жөнінде жер орныдарының мал шаруашылығы басқармалары мен бөлімдері басшыларының, сол сияқты совхоз, трестері директорларының баяндамаларын талқылап, бұл істе болған елеулі кемшіліктерді дереу жою үшін қажетті шаралар қолдануға міндеттелсін.

2. Қазақ ССР Жер Халық Комиссариаты мен Совхоздар Халық Комиссариаты, облыстық және аудандық атқару комитеттері, КК(б)П облыстық, аудандық комитеттері жай және құнарлы мал азығы қорын жасау жөнінде тағайындалған жоспарды әрбір колхоз, совхоздың сөзсіз орындауын қамтамасыз етуге міндеттелсін, бұл үшін:

а) таратылған барлық пішіншілер бригадалары дереу қалпына келтіріліп, бұларға қажетті мөлшерде машиналар, күш көлігі мен жұмысшы күші мен шабу аяқталғанға дейін бекітіліп берілсін;

б) егінді комбайнмен орудың ізінше сабаңды үздіксіз майлау жұмысы ұйымдастырылсын, бұл үшін арнаулы адамдар және қажетті тасымал күші бөлінетін болсын;

в) мал азығын сүрлеу жоспарын сөзсіз орындау ісі қамтамасыз етілсін, осы мақсатта жеміс тамырлы өсімдіктердің сабағы кеңінен пайдаланылсын;

г) қыстауларға мал азығын тасу жоспарын дер кезінде орындау мақсатында әрбір мал шаруашылығы фермасында күш көлігімен бірге кемінде екі бүтін арба бекітіліп берілсін, бұларды басқа жұмысқа қосуға мүлдем тыйым салын-

рушылық жағмынан орналастыру жөніндегі 1945 жылғы 30 июньдегі қаулысының сөзсіз орындалуын қамтамасыз етуге, ауыл шаруашылық түліктерін жайып бағу учаскелеріне шығаруға әзірлік жұмыстарын жүргізу мерзімі Алматы, Жамбыл, Оңтүстік Қазақстан, Қызылорда, Талды қорған облыстары бойынша 1 ноябрь және республиканың басқа барлық облыстары бойынша быйылғы 15 октябрь болып тағайындалсын.

7. облыстық, аудандық атқару комитеттері, КК(б)П облыстық және аудандық комитеттері быйылғы 1 ноябрьден кешік тірмей малды жайып бағу учаскелерінде қыстау меңгерушілері мен мал шаруашылығы мамандарының мәжілістерін өткізуге, бұл мәжілістерде мал жайылымын пайдалану тәртібі мен малды қысқы маусымда бағу ережесін талқылауға міндеттелсін.

8. Қазақ ССР Жер Халық Комиссариаты мен Совхоздар Халық Комиссариаты, облыстық, аудандық атқару комитеттері, КК(б)П облыстық және аудандық комитеттері быйылғы 20 сентябрьден 1 октябрьге дейін колхоздар мен совхоздардың мал қыстатуға әзірлігін мемлекеттік бірінші тексеруден және 20 октябрьден 1 ноябрьге дейін—екінші тексеруден өткізуге міндеттелсін. Колхоздар мен совхоздардың мал қыстатуға әзірлігін мемлекеттік тексеруден өткізу ісін жүргізу үшін 20 сентябрьден кешіктірмей колхоздар бойынша әрбір ауданда КК(б)П аудандық комитеттерінің бюросы мен аудандық совет атқамдерінің мүшелерінен комиссия

Біздің совет халқы жеңістен күші мен еңбегін аяған жоқ. Біз ауыр жылдарды бастан өткіздік. Қазір әрқайсымыз: біз жеңдік деп айта аламыз, Бүгіннен бастап біз өзіміздің Отанымызды Батыста немістердің шабуыл жасауына, Шығыста жапондардың шабуыл жасауына қауіпін күйтқарылды деп есептей аламыз, Бүкіл дүние жүзінің халықтары үшін көптен күткен бейбітшілік туды.

И. СТАЛИН,

СССР Одағының Халық Комиссарлары Советінде

## М. И. Кутузовтың туғанына 200 жыл толуы туралы

Отан қорғау Халық Комиссариатының сұрауы бойынша, СССР Одағының Халық Комиссарлары Советі орыстың ұлы қолбасшысы фельдмаршал Михаил Илларионович Кутузовтың туғанына 200 жыл толуын мерекелеу туралы қаулы қабылдады.

СССР Одағының Халық Комиссарлары Советі қаулы етті:

1. «Михаил Илларионович Кутузов (туғанына 200 жыл толуына арналған)» деген кітапша шығарылсын, кітапшаның тиражи 500 мың дана болсын.

2. 1945 жылғы сентябрь айында кәсіп орындарында, колхоздарда, жоғары дәрежелі оқу орындарында, мектептерде, әскери бөлімдерде М. И. Кутузовтың өмірі мен қызметі туралы лекциялар, баяндамалар мен әңгімелер өткізілсін.

3. Орталық газеттер мен журналдарда М. И. Кутузовтың өмірі мен қызметіне арналған мақалалар жариялансын.

4. М. И. Кутузовтың туғанына 200 жыл толуына арналып, сентябрь айында

Жоғары дәрежелі соғыс Академиясының Фраунго атындағы соғыс Академиясымен, артиллерия және әскери-инженерлік Академиялармен басқосқан ғылыми сессиясы өткізілсін.

5. М. И. Кутузовтың документтерінің жыйнағы шығарылсын. «Искусство» баспасына М. И. Кутузовтың суретін басып шығару тапсырылсын.

6. Москва қаласында және Бородино алаңында М. И. Кутузовқа ескерткіш орнатылсын.

7. Бородино алаңында М. И. Кутузовтың серіктері—Багратион мен Барклай-де-Толлиге ескерткіш орнатылсын.

8. Кутузов атындағы бірінші дәрежелі (50 мың сом) және екінші дәрежелі (25 мың сом) сыйлықтар белгіленсін. Олар әскери-ғылыми еңбегі үшін жыл сайын беріліп отырсын.

9. Сентябрь айында СССР Кинотеатрларында «Кутузов» фильмі көрсету ұйымдастырылсын.

## Авиация, танк, қару-жарақ және оқ-дәрі өнеркәсібінің конструкторлары мен басшы қызметкерлеріне Социалистік Еңбек Ері атағын беру туралы

СССР Жоғарғы Советі Президиумының Указы

Самолеттер, танктер, моторлар, қару-жарақ және оқ-дәрі өндірісін ұйымдастыру ісінде сіңірген еңбегі үшін, сол сияқты ұлы Отан соғысы жылдарында соғыс техникасының жаңа түрлерін жасап, меңгергені және олармен Қызыл Армия мен Соғыс Теңіз флотын жабдықтағаны үшін мына аталғандарға Социалистік Еңбек Ері атағы беріліп, Ленин ордені

сарматының № 26 зауытының бас инженері Лаврентьев Петр Денисовичке,

8. Авиация Өнеркәсібі Халық Комиссариатының № 153 зауытының директоры Лисицын Виктор Николаевичке,

9. Авиация Өнеркәсібі Халық Комиссариатының № 1 зауытының директоры Литвинов Виктор Яковлевичке.

10. Авиация Өнеркәсібі Халық Комис-

Қазақстан ЛКЖО Орталық Комитетінде

Жастардан құралған керуелер бригадаларының мемлекетке астық тасу жөніндегі социалистік жарысының аясындағы қорытындылары туралы

Қазақстан ЛКЖО Орталық Комитетінде жастардан құралған керуелер бригадаларының 1945 жылғы август айындағы 1810 бригада қатысқан социалистік жарыстың қорытындысын қарап, жастардан құралған керуелер бригадаларының мемлекетке астық тасу жөніндегі социалистік жарысында Қарағанды облысының Осакаров ауданындағы «Шың» колхозының жастардан құралған керуелер бригадасы (бригадирі Анна Иванова жолдас) үздік шықты деп тапты. Бригада атқа жегілген 20 арбамен 7504 центнер астық тасыды.

Осы бригадаға Қазақстан ЛКЖО Орталық Комитетінің ауыспалы Қызыл Костанай облысындағы Обаған ауданының «Борьба» колхозындағы жастардан құралған керуелер бригадасының (бригадирі Виктор Лисицын) 1500 сом мөлшерінде ақшадай сыйлық берілді.

Мына бригадалар екінші орын алды: Оңтүстік Қазақстан облысының Ақмола ауданындағы Баганович атындағы колхоздың жастардан құралған керуелер бригадасы (бригадирі Журавлев).

Талдықорған облысының Талдықорған ауданындағы «Комитерн» колхозы

сіз орындауы үшін қажетті шара қолданбай отыр.

Қазақ ССР Халық Комиссарлары Советі мен Қазақстан К(б)П Орталық Комитеті мал азығын қыстау қазына тасу жұмысының үстіміздегі жылы қанағаттанғысыз ұйымдастырылғандығын ерекше атап көрсетті. Быйылғы 1 сентябрьге дейін қолхоздарда қысқа керекті барлық мал азығының тек 20 проценті ғана қыстау қазына тасылды; Қазақ ССР Совхоздар Халық Комиссариатының совхоздарында осы мерзімге дейін мал азығының небары 12 проценті ғана тасылды. Ақтөбе, Көкшетау, Солтүстік Қазақстан және Қызылорда облыстарының қолхоздары, сол сияқты Қазақ ССР Совхоздар Халық Комиссариатының көптеген совхоздары мал азығын қыстау қазына тасу жұмысына соңғы күндерге дейін кіріспей отыр.

Аудандарда маусымды мал жайылымдағын тексеру және бұларды қолхоздар мен совхоздарға бекітіп беру, сол сияқты киіз үй әзірлеу жұмысы тиісті нашар ұйымдастырылып отыр. 1 сентябрьге дейін 3250 мың гектар маусымды мал жайылымы немесе жоспардың 72 проценті тексерілді, мұның ішінен 1899 мың гектар жер немесе жоспардың 42,2 проценті қолхоздарға бекітіліп берілді. 2299 киіз үй әзірленді, бұл жоспардың 28,7 проценті. Қолхоздар мен совхоздардың фермаларында мал қораларын жөндеу және жаңадан салу жұмысы қанағаттанғысыз жүргізіліп келеді. Қолхоздарда қой қораларын әзірлеу жоспары небары 32 процент, ат қораларын әзірлеу жоспары 22 процент орындалды.

Мал қыстатуға әзірленуде қолхоздар мен совхоздардың партия қалуы облыстық, аудандық партия, совет орындарының көптеген басшыларының Қазақстан К(б)П Орталық Комитеті ХІІІ пленумының нұсқауын тиісті сылбыр әрі тыңғылықсыз жүзеге асырып отырғандығын, өткен жылы мал қыстатуда болған қиын жағдайдан өздеріне қажетті қорытынды жасамағандығын, 1945—46 жылдың ысық маусымында малдың ойдағыдай қыстап шығуы үшін барлық қажетті жағдайды жасау ісіне қолхоздар мен совхоздардың жайбарақат қарауына өздерінің жол беріп, себепші болып отырғандығын сипаттайды.

Қазақ ССР Халық Комиссарлары Советі мен Қазақстан К(б)П Орталық Комитеті қаулы етті:

1. Облыстық, аудандық атқару комитеттері, КК(б)П облыстық және аудандық комитеттері быйылғы 1 сентябрьге дейінгі мерзім ішінде облыстық және аудандық, Совет атқомдерінің мәжілістерінде, сол сияқты КК(б)П облыстық және аудандық Комитеттерінің бюро мәжілістерінде

нтағы тағы басқалары дайындау ісі ұйымдастырылсын, бұл жөнінде жергілікті өнеркәсіп орындарына, сондай-ақ қолхоздар мен совхоздарға тиісті тапсырма ағайындадсын;

е) мал азығын өрттеп, мал түсуден және ұрланудан сақтау мақсатында қолхоз басқармалары мен совхоз директорларына шошақтың айналасын жұрту, жұмысын күргізу және қыс маусымына дайындалған мал азығы сақталатын орындарды күзетшілердің бүкіл тәулік бойына күзетуін ұйымдастыру ісі ұсынылсын.

3. Барлық партия, комсомол ұйымдарынан, совет және жер орындарынан, қолхоз басқармалары мен совхоз директорларынан мал қыстайтын қораларды жөндеу және жаңадан салу жұмысын сентябрь және октябрь айлары ішінде кеңінен жүргізу, бұл үшін әрбір қолхоз, совхозда арнаулы құрылысы—жөндеу бригадаларын ұйымдастыру, бұларды қажетті жабықтармен қамтамасыз ету, құрылыс және жөндеу жұмыстарының орқайсысының аяқталу мерзімін бекіту талап етілсін.

4. Қолхоз басқармалары мен совхоз директорлары быйылғы 1 сентябрьге дейін малды қыстауларға орналастыру жоспарын жасап, бекітуге, мұнымен қатар жастөзді жылы және құрғақ үйлерде бағу ісіне ерекше көңіл бөлуге міндеттелсін, осы мерзімге дейін мал азығының мөлшері және оны ай сайын жұмсау жоспары жасалып, бекітілсін. Барлық мал азығы мал фермаларының меңгерушілері мен дала бригадаларының бригадирлеріне бекітіліп берілсін, фермаларға бекітіліп берілген пішенмен, сабан тағы басқа азықпен малды азықтандыру тәртібі тағайындалсын.

Малды жұқпалы аурулардан алдын-ала сақтау және түрлі індетті сөзсіз жою мақсатында, Қазақ ССР Жер Халық Комиссариаты мен Совхоздар Халық Комиссариаты, облыстық, аудандық атқару комитеттері мыналарға міндеттелсін:

а) жөндеген барлық мал қораларын тазарту және дезинфекциялау жұмысы быйылғы 15 октябрьден кешіктірілмей аяқталсын;

б) мал қолға қарайтын маусым басталғанға дейін ауыл шаруашылық түліктерін мал дәрігерлік қараудан және емдеу деп өткізу жұмысы толық аяқталып, тағайындалған карантин қатаң қолданылатын болсын.

6. Қазақ ССР Жер Халық Комиссариаты мен Совхоздар Халық Комиссариаты облыстық, аудандық атқару комитеттері, КК(б)П облыстық және аудандық комитеттері, жер орындары мен совхоз директорлары ССРО Халық Комиссарлары Советінің маусымдық мал жайылымдарын ша

дың қатарындағы адамдар аудандық атқару комитеттері мен КК(б)П аудандық комитеттерінде бекітілетін болсын.

9. Қолхоздар мен совхоздардың мал қыстатуға әзірлігін тексеру жөніндегі мемлекеттік комиссиялар өздеріне тағайындалған мерзім ішінде, дайындалған мал азығының саны мен сапасын зерттей (азықты көру және өлшеу арқылы) мұқият тексеруге, барлық мал қораларын қарауға, мал суарылатын орындарды және малды дәрігерлік қараудан өткізу жоспарының орындалуын тексеруге тиіс, мұнымен қатар мемлекеттік комиссиялар ауыл шаруашылық түліктерін бағып-қағу үшін қолхоздар мен совхоздардың көпшілік мамандықтағы қызметкерлермен қаншалық қамтамасыз етілгендігін анықтауға, сол сияқты мал шаруашылығы қызметкерлерінің жұмыс істеуін жағдай жасалғандығын, олардың кісі тұратын үйлермен, киіз үйлермен, аяқ киіммен, киіммен, азықпен тағы басқалармен қамтамасыз етілгендігін тексеруге тиіс. Әрбір қолхоз мен совхоз бойынша мемлекеттік тексерістің нәтижелері тиісті актыға жазылып, бұдан кейін оларды еңбекшілер депутаттарының аудандық совет атқомдері бекітетін болсын.

Қолхоздар мен совхоздардың мал қыстауға әзірлігін мемлекеттік байқаудан дер кезінде және дұрыс өткізілуіне, бұл сияқты аса маңызды іске немкетті қараушылықты болдырмауға тікелей жауапты екендігі аудандық атқару комитеттерінің президенттері мен КК(б)П аудандық комитеттерінің бірінші секретарларына ескертілсін.

10. Облыстық атқару комитеттері мен КК(б)П обкомдері өткен жылдардағы тәжірибе бойынша, мал қыстатуды өткізуге толық әзірленген қолхоздар мен совхоздарға берілуге тиісті аттестат үлгілерін 25 сентябрьден кешіктірмей бастырып шығаруға міндеттелсін. Қолхоздар мен совхоздарға аттестат беру ісі 1 ноябрьден кешіктірілмей аяқталатын болсын.

КК(б)П обкомдеріне ноябрь айында мал шаруашылығының басшы қызметкерлері мен мамандарының облыстық мәжілістерін өткізу, бұл мәжілістерде мал қыстатуды ойдағыдай өткізу ісін қамтамасыз ететін шараларды талқылау ісі ұсынылсын.

11. Облыстық атқару комитеттері мен КК(б)П обкомдері қолхоздар мен совхоздардың мал қыстатуға әзірлігі және мал шаруашылығын өркендетудің мемлекеттік жоспарының орындалуы туралы быйылғы 10 ноябрьге дейін әрбір аудан бойынша Қазақ ССР Халық Комиссарлары Советі мен Қазақстан К(б)П Орталық Комитетіне есеп тапсыруға міндеттелсін.

3. Жарылғыш заттар өндірісінің бас конструкторы Вишневицкий Даниил Николаевичке,

4. Танк Өнеркәсібі Халық Комиссарларының Орынбасары Гореглад Алексей Адамовичке,

5. Танк заводының бас конструкторы Духов Николай Леонидовичке,

6. Авиация Өнеркәсібі Халық Комиссариатының № 24 заводының директоры Жезлов Михаил Сергеевичке,

7. Авиация Өнеркәсібі Халық Комис-

ССРО Жоғарғы Советі Президиумының Председателі  
ССРО Жоғарғы Советі Президиумының Секретарі  
Москва, Кремль. 1945 жылғы 16 сентябрь..

М. КАЛИНИН.  
А. ГОРКИН.

### ССРО Жер Халық Комиссариаты мен ССРО астық және мал Совхоздары Халық Комиссариатының басшы қызметкерлеріне ордендер тапсыру

15 сентябрьде, Кремльде ССРО Жоғарғы Советі Президиумының Председателі М. И. Калинин ССРО Жер Халық Комиссариаты мен ССРО астық және мал Совхоздары Халық Комиссариатының басшы қызметкерлеріне ордендер тапсырды.

Соғыстың қиын жағдайларында майдан мен ел халқын азық-түлікпен, ал өнеркәсіпті ауыл шаруашылығының иісіне затымен қамтамасыз ету жөніндегі үкмет тапсырмаларын ойдағыдай орындағаны үшін ССРО Жер Халық Комиссары А. А. Андреев жолдасқа Ленин ордені тапсырылды. Бұдан соң ССРО Жер Халық Комиссарының орынбасарлары И. Ф. Васильев, Я. Е. Пензин және Е. М. Чежменов жолдасарға Ленин ордендері тапсырылды.

Соғыс кезіндегі қиын жағдайларын да ауыл шаруашылығының өнімдері мен ш

10. Самолет өндірісін бас конструкторы Туполев Андрей Николаевичке,

14. Авиация Өнеркәсібі Халық Комиссариатының № 2 заводының директоры Фомин Василий Ивановичке,

15. Оқ-Дәрі Халық Комиссарының Орынбасары Хруничев Михаил Васильевичке,

16. Мипометтер өндірісінің бас конструкторы Шавырин Борис Ивановичке,

17. Атыс құралдарының Бас конструкторы Шагин Георгий Семеновичке.

ССРО Жоғарғы Советі Президиумының Председателі  
ССРО Жоғарғы Советі Президиумының Секретарі  
Москва, Кремль. 1945 жылғы 16 сентябрь..

М. КАЛИНИН.  
А. ГОРКИН.

ССРО Жоғарғы Советі Президиумының Председателі  
ССРО Жоғарғы Советі Президиумының Секретарі  
Москва, Кремль. 1945 жылғы 16 сентябрь..

кізатын шығарып, мемлекетке тапсыру жөніндегі үкмет тапсырмаларын ойдағыдай орындағаны үшін ССРО астық және мал Совхоздары Халық Комиссарының орынбасарлары В. С. Колясников, Н. В. Ивченко жолдасарға және РСФСР астық және мал совхоздары Халық Комиссары Н. И. Васильев жолдасқа Ленин ордені тапсырылды.

ССРО Жер Халық Комиссары Андреев жолдас наградаландырып атынан партия мен үкметке жоғарғы награда үшін алғыс айтып, ауыл шаруашылығының қызметкерлері партия мен үкметтің ауыл шаруашылығын өркендетіп, дамыту жөніндегі міндеттерін орындау үшін барлық күштерін жұмсайды деп сөзінді.

Калинин жолдас наградаландырып жоғары награда алумен шын жүректен құттықтады.

### Советтер Одағының Батыры аға лейтенант Виктор Николаевич Леонювты екінші рет „Алтын Жұлдыз“ медалімен наградау туралы

ССРО Жоғарғы Советі Президиумының Указы

Жапон империалистеріне қарсы күрес майданында командованиенің жауынгерлік тапсырмаларын Советтер Одағының Батыры атағын алуға лайық орын дағаны үшін, Советтер Одағының Батыры аға лейтенант Виктор Николаевич Леонюв екінші рет «Алтын Жұлдыз» медалімен наградаласын, қоладан суреті жа салып, оның туған жерінде биікке орнатылсын.

ССРО Жоғарғы Советі Президиумының Председателі  
ССРО Жоғарғы Советі Президиумының Секретарі  
Москва, Кремль. 1945 жылғы 14 сентябрь..

М. КАЛИНИН.  
А. ГОРКИН.

### СОВЕТ ӨЙЕЛДЕРІНІҢ ӨКІЛДЕРІ ПАРИЖДЕН ҚАЙТЫП КЕЛДІ

Өйелдердің халықаралық конгрессін шақыру жөніндегі екінші комитеттің мәжілісіне қатысқан бұл комитеттің мүшелері М. В. Попова (Басшылар Одақ-

тары Бүкілодақтық Орталық Советінің Секретары), В. В. Васильева және М. М. Пидтыченко Парижден Москваға қайтып келді.

Ақтөбе облысындағы Поворосей иңші Жамбыл атындағы қолхозының тардан құралған керуеншілер (сы бригадирі Жиеналин Төлегедас).

Алматы облысының Балқаш ауданы «Дихан» қолхозының жастардан құралған керуеншілер бригадасы (бригадирі Сүйіндіқова Ажар жолдас).

Павлодар облысының Лозовой алағы Тимирязев атындағы қол жастардан құралған керуеншілер (сы бригадирі Косолапова жолдас) ган бригадаларға 400 сом мөлш ақшадай сыйлық беріледі.

Қазақстан ЛКЖО Орталық Кеңесі жастардан құралған 9 керуеншілер гадасының ойдағыдай жұмыс дігін атап көрсетті.

Қазақстан ЛКЖО Орталық Кеңесі Шығыс Қазақстан (Мыңбаев және Солтүстік Қазақстан (Попов және Көкшетау (Иванов жолдас) облыст комол комитеттерінің секретарьлар тардан құралған керуеншілер бри рының жарысына қанағаттанғыс шылық жасап, олардың дайында дарына астық тасу жөніндегі н мөлшерді орындауын қамтамасыз дігін атап көрсетті.

Қазақстан ЛКЖО Орталық Коми дыстық комсомол комитеттерінің ж лер бригадаларының жұмысын жа ды, барлық керуеншілер бригадал социалистік жарысқа қатысуына ді талап етті.

### Дивизия генералы Л. Свободаға бірінші дәре Суворов орденін және бр генералы Б. П. Бочекке ші дәрежелі Кутузов ор тапсыру

18 сентябрьде, Кремльде Жоғарғы Советі Президиумы седателінің Орынбасары Н. Я. На Чехословакияның қарулы кештері дастыру ісінде табысқа жеткені жалпы жау—Гитлер Германиясы ы күресте әскерлердің ұрыс қы рыға шеберлікпен басшылық ж үшін наградаланды: дивизия г Л. И. Свободаға бірінші дәрежелі ров орденін және бригада генерал Бочекке бірінші дәрежелі Кутузов нін тапсырды.

Ордендер тапсыру кезінде Бк мия Бас Штабының бастығы Арм далы А. И. Антонов болды (Т.

Бүгін — екпінді онкүндіктің жетінші күні

# Мемлекетке астық тапсыру қарқыны мейлінше күшейтілсін!

## Астық тапсыру мен егін аяқтаған колхоздар

**РБЕВКА.** Октябрь ауданының алдыңғы тарлы колхоздары мемлекет алды-бірінші парыз—мемлекетке астық тапсыруда ойдағыдай ұйымдастырды. Оның нәтижесінде онкүндіктің алғаш күндерінде «Красная планета» колхоз-председателі Колесников жолдас), дайындау жоспарын толық орындады.

Кейін астық дайындау жоспары «Красная поляна» колхозы (председатель Ременюк жолдас) толық орындады.

\* \* \*

**РОПАВЛ** ауданындағы «Красный восход» және «Путь Ильича» колхоздары да кезінде дәнді егін оруды аяқтады. Бұл колхоздардың мүшелері астық тапсыруды 1 октябрьге дейін аяқтап, іске жаншай жұмылды.

\* \* \*

**ПЕНКА.** Ленин ауданының «Алқа», «Путь Ильича» және Киров атындағы колхоздары ауданда бірінші болып, дәнді егін жұмысын аяқтады. Қазір егін және бастыру қарқыны күшейді. Колхоз мүшелерінің мақсаты—астық тапсыруды күшейту арқылы астық тапсыру жоспарын мерзімінен бұрын орындау болып отыр.

\* \* \*

**МАМЛЮТ.** Петровский атындағы колхоз председателі Неживых жолдас) бұл 66 гектар егін оруды тәжірбиемен біріктіріп, жартысында дәнді толық орындады. Осы сияқты егін оруды жұмысын Пушкин ауданындағы колхоз да (председателі Ивандас) аяқтады. Бұл колхозда 518 дәнді егін орындады.

## ЕГІН ЖЫЙНАУДЫҢ АЛДЫҢҒЫ ҚАТАРЛЫЛАРЫ

Халық Комиссарлары Советі К(б)Ш Орталық Комитетінің «1945 жылғы егінді жыйнау және ауыл шаруашылығын дамыту туралы» қаулына сәйкес, талқылағанда, Курмангожин жолдас председателі болып істейтін Ленин ауданы колхозының (Октябрь ауданы) егіншілері К. Шегенов, М. Битан және С. Алгожин жолдасар өзіндік ұйымдастырылған міндеттеме алды. Егіншілер арасындағы социалистік жарыстың нәтижесі, қазірдің өзінде

## Облысымыздың егін даласында

**ЕГІН ЖЫЙНАУ.** Облыстық жер бөлімінің мәліметі бойынша, 19 сентябрьге дейін колхоздарда 246388 гектар егін орылып, жоспар 65,1 процент орындалды. Егін оруды жөніндегі соңғы бір күнгі өсім 5181 гектар болды. Осы күнгі егіннің 106236 гектары комбайнмен жыйналды, 99040 гектар егін маяланды. Комбайнмен жыйналғанын қоса есептегенде 125737 гектар егін бастырылды.

Егін оруды жоспарын 75,9 процент орындап, бұрынғыша Петропавл ауданы бірінші орында, 71,7 процент орындап, Октябрь ауданы екінші орында, 68 процент орындап, Преснов ауданы үшінші орында және 67,7 процент орындап, Ленин ауданы төртінші орында келеді. Бұл жұмыста әсіресе Кониюхов, Булаев және Совет аудандарының колхоздары артта қалып отыр. Бұл аудандарда жоспардың орындалуы 51—58 проценттен аздап ғана асты. Булаев ауданында соңғы бір күнде небары 292 гектар ғана егін орылып, егін оруды жөніндегі жалпы жоспардың орындалуы 57 процентке зорға жетті.

**КҮЗГІ ЕГІС ЕГУ.** Колхоздарда 62426 гектар егіс егіліп, жоспар 62,4 процент орындалды. 18 сентябрь күні облыс бойынша 968 гектар егіс егілді. Бұл күні Октябрь ауданының колхоздарында бірде-бір гектар егіс егілмеді. Сол сияқты егіс жөніндегі бір күнгі өсім Булаев, Совет, Петропавл және Полудень аудандарында да мардымсыз болды.

Күзгі егіс жоспарын орындауда әсіресе Ленин, Соколов және Совет аудандары нешіргісіз артта қалып, бүкіл облысымызды кейін тартып отыр. Бұл аудандарда жоспардың әлі күнге дейін тең жартысы да орындалған жоқ. Істің жайы Полудень ауданында да осындай болып отыр.

**ЗЯБЬ ЖЫРТУ.** Колхоздарда 29511 гектар зябь жыртылды. Бұл жоспардың 16,9 проценті. Зябь жырту жөніндегі облыс бойынша, соңғы бір күнгі өсім 734 гектар болды. Бұл күні Приешім ауданында 15, Петропавл ауданында 40, Булаев ауданында 40 және Соколов ауданында 43 гектар ғана зябь жыртылды.

Зябь жырту жоспарын орындауда бұрынғыша Преснов, Октябрь, Кониюхов және Совет аудандарының колхоздары нешіргісіз артта қалып отыр. Бұл аудандардың колхоздарында жоспардың орындалуы 9—16 проценттен аспайды.

## Пономарев жолдас 612 гектар егін жыйнады

Екінші онкүндік кезінде Мамлют ауданы комбайншыларының арасында социалистік жарыс нәтижесінде өрстей түсті. Комбайншылар жарыста озып шығу үшін жарысты бұрынғыдан да қыздыра түсті.

Егін жыйнау кезінде комбайн күшін сарға пайдалануда Интернационал МТС-ның комбайншысы Петр Пономарев жолдас зор көрсеткішке ие болды. Ол өзінің «Сталинец» комбайнымен 112 гектар егін жыйнап, 623 килограм жанармай үнемдеді. Комбайншы Иван Ледковский және Вальшенин жолдасар да еңбек өнімін арттыруда.

Иван Ледковский жолдас «Сталинец»

комбайнымен 423 гектар егін жыйнады да, 264 килограм жанар май үнемдеді.

Чапаяв атындағы машина-трактор станциясы комбайншыларының арасында социалистік жарыста комбайншы Петр Гаук жолдас үздік келеді. Ол «Сталинец» комбайнымен 470 гектар егін жыйнады, 195 килограм жанармай үнемдеді, сөйтіп егін жыйнау бойына алда келе жатқан комбайншы Михаил Воропаев жолдасан 20 гектар егінді артық жыйнады.

Комбайншы Иван Кокарев жолдас та едәуір табысқа жетті. Ол «Коммунар» комбайнымен 415 гектар егін жыйнап отыр.

**М. ХОЛИН.**

## Үгіт жұмысының нәтижесі

Совет ауданының «Үлгі» колхозындағы Қасымов жолдас басқарған үгітшілер тобы колхозшылар арасында игілікті жұмыстар істеуде. Қасымов жолдас жетісіне бір рет қабырға газетін және күн сайын жауынгерлік шешендіктерін оқыта отырады.

Комбайншы Жәкенов жолдас 220 гектар егін жыйнап, комбайнмен егін жыйнаудың жылдық жоспарын орындап шықты. Осы сияқты лоботейкашы Жакыпов және Әбділлин жолдасар да

## Ақын жыры

Приешім ауданындағы «Октябрь» ауыл шаруашылық артелиннің мүшесі, халық ақыны Жұныс Шұралин колхоз өндірісінде қажырлы еңбек істеумен бірге өзінің көркем жырымен колхозшы шаруаларды игілікті іске жігерлендіруде.

—Мен 60 жастамын. Бірақ жасымның ұлғайғанына қарамастан колхоз өндірісіне үздіксіз қатысып келемін. Халқым ақын деп зор атақ берді. Бұл үлкен аброй. Мен бұл атаққа дақ түсірмеймін. Ол үшін колхоздың дәулетін арттырып, ауыл шаруашылық жұмыстарының ойдағыдай орындалуына жетісу ісінде колхозшыларға әсерлі жырыммен көмектесемін. Қазір мол егінді еңбір ысырапсыз жыйнап алу, мемлекет алдындағы бірінші парызды мүлтіксіз өтеу жолында аянбай еңбек істеп жүрмін—дейі қарт ақын.

Жұныс ақын көршілес Киров атындағы, «Өрнек» тағы басқа колхоздарда болып, колхозшылар алдында жыр толғады. Ақынның жаңа жырлары колхозшыларға өте ұнады. Ол өзінің жырында егін жыйнау озаттарын мадақтап, колхозшыларды мемлекет алдындағы борышты тез арада орындауға шақырды, жұмыста қорықпауға салынғандарды қатты сығар алды.

Колхозшылар ақынның жырына қатты риза болып, одан жаңа көркем шығармалар күтетіндігін білдірді.

## Колонер училищесі коллективінің үлгілі ісі

Петропавлдағы № 12 колонер училищесінің директоры Знаменский жолдас тілшімізбен әңгімелескенде мынаны айтты:

1 октябрьде біздің колонершілер училищесінде жаңа оқу жылы басталады.

Қазір училищеді жаңа оқу жылына әзірлік жұмыстары аяқталуға жуық. Быйыл училищемізде технология, физика және математика пәндеріне арнаулы кабинеттер жабдықталып, бұлардың әрқайсысы керекті оқу және басқа құралдармен қамтамасыз етіледі. Екінші курста оқушылармен тәжірбие жүргізу үшін заводта жұмыс орындары дайындалды. Сол сияқты, оқушыларды азық-түлікпен қамтамасыз ету үшін быйылғы жылы училище көмекші шаруашылық ұйымдастырып, мұнда мол дәнді егін және өсімдік өсірді. Қазір көмекші шаруашылықта егін жыйнау жұмыстарына оқушылар белсене қатысып жүр.

Училищенің жұмыс істей бастағанына 2 октябрьде 5 жыл толады. Училищенің бес жылдығы және Қазақ ССР-нің 25

## Сыртқы Істер Министрлері Кеңесінің Білдіруі

ЛОНДОН, 19 сентябрь. (ТАСС). Бүгін кешкілікте Лондонда мынадай білдіру жарияланды:

«Сыртқы Істер Министрлерінің Кеңесі бүгінгі күні екі рет мәжіліс өткізді. Бұл мәжілістердің екеуі де Италиямен бітім шартын жасау шарттарын талқылай беру ісіне арналды. Кеңес министрлердің орынбасарлары югославия-италия шекарасы мен Триест жөніндегі міндеттерді қарап, бұл туралы баяндама тапсыруға тиіс деп қарар қабылдады. Баяндамаға мына мәселелер де қосылған тиіс:

Біріншіден, шекараны түпкілікті етіп тағайындағанға дейін тиісті зерттеу жұмыстары жергілікті жердің өзінде жүргізілетін болған жағдайда, халықтың ең

болмағанда біраз бөлегін басқа елдің басқаруына қалдыра отырып, негізінен ұлттардың арасын бөлу межесі болуға тиісті шекара сызығы туралы мәселе;

Екіншіден, дүние жүзінің басқа елдерінің порттары сияқты, порттың және Триестегі ереженің бүкіл дүние жүзілік сауда-саттық ісінде, сол сияқты Югославияның, Италияның және Орталық Еуропа елдерінің сауда саттық жұмысында бірдей найдаланылуын қамтамасыз ететін алатын интернационалдық ереже туралы мәселе.

Кеңестің көлесі мәжілісі ертең таң ертегі сағат 11де болады».

## Сыртқы Істер Министрлерінің Кеңесі Секретариатының мәлімдемесі

ЛОНДОН, 19 сентябрь. (ТАСС). 18 сентябрьде кешкілікте Сыртқы Істер Министрлері Кеңесінің Секретариаты мынадай мәлімдеме жариялады:

«Сыртқы Істер Министрлері Кеңесінің Қытайдың Сыртқы Істер Министрі доктор Ван Ши-цзо Председателдік еткен ертеңгі мәжілісінде Югославия Бас Министрінің орынбасары доктор Кардель италия-югославия шекарасы туралы мәселе жайында Югославия үкметінің көз

қарасын талдап айтты.

АҚШтың Мемлекеттік Секретарі Джеймс Бернс Председателдік еткен түстен кейінгі мәжілісте доктор Бардель өзінің мәлімдемесін аяқтады, ал Италияның Сыртқы Істер Министрі граф де Гасперри өз үкметінің көз қарасын айтты.

Англия доминиондары өкілдерінің көз қарасын тыңдау үшін көлесі мәслихатты кешкілікте өткізу жөнінде ұйғарынды жасалды».

## В. М. Молотов АҚШтың мемлекеттік секретарі Бирнсті қабылдады

ЛОНДОН, 17 сентябрь. (ТАСС). 16 сентябрьде кешкілікте советтің Лондондағы

Елшілігінде В. М. Молотов АҚШтың мемлекеттік секретарі Бирнсті қабылдады.

## Сыртқы Істер Министрлерінің Кеңесі хұрметіне қонақасы берілді

ЛОНДОН, 17 сентябрь. (ТАСС). 17 сентябрьде Бас Министр Эттли Лондонда мәслихат өткізуші Сыртқы Істер Министрлері Кеңесінің хұрметіне Сент-Джемс сарайында қонақасы берді. Қонақасыда В. М.

Молотов, Э. Бевин, Л. Бирнс, Ван-Шипце, Ж. Бидо және мәслихатқа қатысушы мемлекеттер өкілдерінің мүшелері болды.

## Сыртқы Істер Министрлерінің Кеңесіне Тегеран газеттері редакторларының телеграммасы

ТЕГЕРАН, 17 сентябрь. (ТАСС). Тегеран баспасөзінің біріккен кеңесі Сыртқы Істер Министрлерінің Лондондағы Кеңесіне телеграмма жіберді. Телеграммада, түрлі саяси топтардың атынан шығатын Тегеран газеттерінің телеграммага қол қойған редакторларының елде болып отырған жағдай туралы Сыртқы Істер

төртінші сақтау үшін,—делінген телеграммада,—бостандық пен демократияны жою әрекеті жасалуда. «Жұртшылық атынан,—дейді телеграмманың авторлары,—біз мұндай жағдайға қарсы батыл наразылық білдіріп, халықтың сөз, жыйынды бостандығынан және қауіпсіздіктен мүлде айырылғандығын ресми түрде мәлімдей

жыйнап жүр. Астық тапшыруды егін ору мен майлауды аяқтау онкүндік кезінде бұл тапшылық істік көрсеткішті арттыра түсіні кеміткен жоқ.

сыяқты егін шөмеледеу жүрген тырова жолда егін жыйнау цғы қатарларының сапына Ол күнделік тапсырманы үнемі есе орындайды.

ік кезінде қолхозға селіно қызі және орта мектептің оқушыла ытушылары көп көмек көрсетіп күндіктің үшінші күні олар егін жұмыс істеп, өз күштерімен егінді шөмелеге салды және егінді майлады.

А. ҚАЛИАХМЕТОВ.

одақтық социалистік жарыс озаттарының

## Жылдық тапсырманы 297 процент орындады

Ленин ауданындағы Образцовый машина-трактор станциясында алдыңғы қатарлы комбайншылар, жөнінде әлгіме бола қалса, комбайншы Дмитрий Кокаревтың есімі бірінші болып аталады. Бұл орынды. Өйткені ол комбайншылар арасында социалистік жарыста алған міндет темесін аброймен орындай отырып, «Сталинец» комбайнымен 367 гектар егін жыйнады да, комбайнмен егін жыйнау жөніндегі жоспардың орындалу мөлшерін 125 процентке жеткізді. Мұнымен бірге, Кокарев жолдас 104 килограм жанармай үнемдеді.

Комбайнмен егін жыйнаудағы таңдаулылардың бірі—Максим Клен жолдас Ворожский атындағы қолхозға «Сталинец» комбайнымен 334 гектар егін жыйнап берді, сөйтіп, 285 килограм жанармай үнемдеді.

Явленка совхозының комбайншысы Андрей Овчинников жолдас комбайнмен егін жыйнауда жанаямай жұмыс істеудің асқақ үлгілерін көрсетіп жүр. Ол «Сталинец» комбайнымен 680 гектар егін жыйнап, жылдық тапсырманы 297 процент орындады.

3. ЖАҒИН.

Т. КӘДІРОВ.

шылар қабылдап жатыр. Жаңа оқу жылына керекті оқытушылар да толық ірік тәліп алынды.

Біз бйылы жаңа оқу жылын толық әзірлікпен қарсы аламыз.

### КЕШКІ ПАРТИЯ МЕКТЕБІ

Аудан коммунистері мен комсомол мүшелерінің саяси-идеялық білім дәрежесін көтеруде Петропавл орталық аудандық партия комитеті айтарлықтай жұмыстар істеді.

Қазір өндіріс орындары мен мекемелерде 44 үйірме жұмыс істейді. Бұл үйірмелерде 740 адам қатынасады. Үйірмелерде саяси оқуды партия комитетінің нәсихатшылары мен лекторлары жүргізеді.

Аудандық партия комитеті жанынан Октябрь айында жаңадан бір жылдық кешкі партия мектебі ашылады. Кешкі партия мектебінің программасы бойынша, БК(б)П тарихын үйрену, Сталин жолдасның «Ұлы Отан соғысы туралы» кітабын оқу жүргізіледі және басқа лекциялар оқылады.

Ә. АЙСИНА.

### ОҚУ КОМБИНАТЫНЫҢ ҚҰРЫЛЫСЫ

Петропавл қаласының төңірегіндегі Барки орманы маңында оқу комбинатының құрылыс жұмыстары жүргізіліп жатыр. Бұл комбинатқа облысымыздағы ауыл шаруашылығы мамандарын дайындайтын мектептер мен курстардың барлығы топтастырылмақ.

Қазір комбинаттың оқу орындарын салу және кейбір құрылыстар жүргізілуде. Ауыл шаруашылығы қызметкерлерін дайындайтын мектептер мен курстардың бір жерге топтастырылуы дайындалып шығарылатын қызметкерлердің білім дәрежесінің бұрынғыдан жоғары болатындығын ыспаттайды.

С. КӨКІМОВА.

### СОТ ЗАЛЫНАН

Преснов ауданындағы «Ваян» колхозында Амалея Эгова және Екатерина Брейзе дегендер өзара бірлесіп колхоз астығына қол сұққан. Олар тек бір ретте ғана 31 килограм астық ұрлаған.

Колхозшы деген атты жамылып, колхозға кесіріп тигізбек болған бұл қылмысшыларды зерт орындары деркесінде әйкеледі. Жақында халық соты бұл екеуін 2 жылдан тұтқында ұстауға үкім етті.

Осы сыяқты Тройцкі селосында тұратын Пресова деген хала бригадасында жұмыс істеп жүріп, 15 килограм астық ұрлаған Пресова бұл қылмысы үшін бір жыл 6 ай тұтқын жазасын алды.

## Колхозшылар серті

АТ. (Арнаулы тілшімізден). Қидағы ауыл шаруашылық артеліненім ауданы) мүшелері Қазақстан 25 мүшелі атындағы бүкіл халық социалистік жарыста алған міндетін аброймен орындау үшін жұмыс істеп отырып, бйылы жаңа егінді дер кезінде ысыраптан алу, мемлекет алдындағы қарызы мүлтіксіз өтеу жолында қайратпен еңбек істеп жүр. Ауыл шаруалардың ұлы жеңісіміз еңбек істеуі нәтижесінде колхозда інау және мемлекетке астық тапшысының қарызын күн санап Егін жыйнау және ауыл шаруашылығын дайындау жұмыстарында бұл колхоз аудандағын, алдыңғы қатарлы колхоз ірі болып отыр.

Атындағы колхоз бйылы 1455 гектар егін өскен болатын. Егістің едәуір бөлігі және тынайтылған жерге өктемді жазғы күндерде тынғындалуы нәтижесінде егін өткен ғыдан мол нықты. Колхозшылар ырым еңбегі жемісті болды. Қазақстан 80 гектар егін комбайнмен жыйнады.

Астық жыйнау және мемлекетке астық тапшыру жұмысын аяқтау жөнінде жарияланған екінші онкүндік колхозда ойдағыдай ұйымдастырылды. Екінші онкүндіктің басталуына арналған жыйылыста колхозшылар өздеріне ұлғайтылған жаңа міндеттерге алып, оны іс жүзінде орындауға серт берді. Сөйтіп онкүндіктің алғашқы күнінен бастап жұмыс қарқыны өскелеп күшейтілді. Сентябрьдің 16нан 17не қараған түнде түкпірдегі пунктке 153 центнер астық тапшырылып, күнделік тапшырма артығымен орындалды.

Егін жыйнау және мемлекетке астық тапшыруда колхоздың мұндай табысқа жетуінің ең негізгі сыры—колхозда еңбек үлгілі ұйымдастырылды, колхозшылар жұмыс саласына дұрыс тағайындалды, күн райының қандай жағдайында

боғрейканылары Рамазанова Уәзипа, Топина Жанания жолдасстар әрқайсысы лобогрейкамен 175 гектардан егін орды. Олар егін даласында таң сәріден-түн қараңғысына дейін тынбай еңбек істеп, басқа колхозшыларға іс үлгісін көрсетуде.

Жай машинамен орылған егін түгел шөмелеленіп, үштен екі үлесі майға салынды. Сонымен егін ору, оны шөмелеу және майлау жұмыстарының арасында айнақтық болмауы үшін колхозшылар күш жұмсауда.

Колхоздың мемлекет алдындағы бірінші парызын дер кезінде мүлтіксіз орындау үшін колхозшылар жаннай күш жұмсауда. Үстіміздегі жылы колхоз мемлекетке үш мың центнер астық тапшыруға тиіс болса, 17 сентябрьге дейін жоғары сапалы 2042 центнер астық тапшырды. Егін жыйнау және мемлекетке астық тапшыру жұмысын аяқтау жөнінде жарияланған екінші онкүндік колхозда ойдағыдай ұйымдастырылды. Екінші онкүндіктің басталуына арналған жыйылыста колхозшылар өздеріне ұлғайтылған жаңа міндеттерге алып, оны іс жүзінде орындауға серт берді. Сөйтіп онкүндіктің алғашқы күнінен бастап жұмыс қарқыны өскелеп күшейтілді. Сентябрьдің 16нан 17не қараған түнде түкпірдегі пунктке 153 центнер астық тапшырылып, күнделік тапшырма артығымен орындалды.

Егін жыйнау және мемлекетке астық тапшыруда колхоздың мұндай табысқа жетуінің ең негізгі сыры—колхозда еңбек үлгілі ұйымдастырылды, колхозшылар жұмыс саласына дұрыс тағайындалды, күн райының қандай жағдайында

болсын егін даласында таң сәріден қас қарайғанға дейін жұмыс тынбай жүргізіледі. Жаңбырлы күндерде комбайндар егін алаңынан іргелес алаңдағы мая қасына көшіріліп, астық бастыру жұмысы үздіксіз жүргізіледі. Сол сыяқты егінді шөмелеу, майлау жұмыстарының қарқыны да неғұрлым күшейтілуде. Ал, комбайннан түскен астықты қырманда жайып, кентіру, вейламен және қол өлекпен елеу, күрекіп жөлге ұшырып тазарту жұмысы күні-түні бірдей жүргізіледі. Міне осының нәтижесінде жұмыс қарқыны ешбір бәсеңдеген емес.

Колхозда басқа жұмыстар да егін жыйнаумен тығыз ұштастырыла жүргізілуде. Жоспар бойынша бйылы 11200 центнер мал азығы дайындалуға тиіс болса, 12000 центнер пішен шабылып, оның 9886 центнері майланды. 1336 центнер пішен мал қорасы қасына тасылып, үйілді. Пішен шабу жұмысы әлі тоқтатылған жоқ. Барлығы 8 мал қорасы бар. Бұлар түгел жөнделіп, жабдықталды. Мұнымен қатар 60 гектар зябь жыртқыш, 211 гектар күзгі егін егілді.

—Егін ору және мемлекетке астық тапшыру жұмысын екінші онкүндік кезінде толық аяқтап, республикамыздың даңқты мерекесі күнін барлық ауыл шаруашылық жұмыстарын ойдағыдай орындаумен қарсы аламыз. Бұл үшін күш-мүмкіншілігімізді жұмысқа толық пайдаланамыз. Мереке алдындағы социалистік жарыста алған міндеттемесі дер кезінде аброймен орындап шығатындығымызға колхозшы шаруалардың еңбек даласында мейлінше өріс алып, тасқындалған жігері асепі бола алады—дейді колхоз председателі Қарабалы жолдас. Бұл жалпы колхозшылар серті. Колхозшылар серті—бірін серт. Олар сертінде тұрады.

халқың сөз және баспасөз орындарынан айырды. Олар газеттерді жауып, олардың редакторларын тұтқыңға алуға», «Халықтың тілегіне қарамастан орнатылған бұл

## Сун Цзы-веньнің Англияға келуі

ЛОНДОН, 16 сентябрь. (ТАСС). Рейтер агенттігінің хабары бойынша, 16 сентябрьде Қытай Республикасының Бас Министрі доктор Сун Цзы-вень Англияға келген. Сун Цзы-вень Қытайдың Сыртқы Істер Министрі доктор Ван Ши-цзе және Қытайдың Лондондағы елшісі доктор

Веллингтон Ку қарсы алған. Бұдан соң, Су Цзы-вень, Ван Ши-цзе және Ку Бас Министрі Эттлидің жазғы Чекерс ресми мекенінде қонақасыда болған. Сол сыяқты, қонақасыда Англияның Сыртқы Істер Министрі Бевли болған.

## Австрия үкметінің қолданатын шаралары

ВЕНА, 15 сентябрь. (ТАСС). Әлеуметтік қамсыздандыру ісінің мемлекеттік секретарі Беннің баяндамасы бойынша, Австрия үкметі заң қабылдады. Заңда мемлекеттік аппаратты нацистерден толық тазарту ісін жүргізу ескерілген. Бұл заң жобасын министрліктер, кәсіпшілер одақтары және кәсіп орындары иелерінің ұйымдары толық талқылады. Мәселе жағында толық келісім жасалды. Заңда шаруашылық аппаратты нацистерден тазарту ісіне кәсіпшілер одақтарының фабрика-завод комитеттерінің қатысуы ескерілді. Заңды бұзушыларға 50 мың марка мөлшерінде айып салынады, немесе үш айлық мерзімге дейін түрме тұтқынында отыруға кесіледі, не болмаса басқа шаралар қолданылады.

Ішкі істер жұмысының мемлекеттік секретарі Хоннердің баяндамасы бойынша, Австрия паспорттарын қолдану туралы заң қабылданды.

## „Нью-Йорк геральд трибюн“ газеті тілшісінің Маниу мен Братиянудың ісі туралы пікірі

НЬЮ-ЙОРК, 13 сентябрь. (ТАСС). «Нью-Йорк геральд трибюн» газетінің Римдегі тілшісі Фрейдли өзінің жақын арада Бухарестке баруын негізге ала отырып, бірнеше хабар жариялады. Ол өзінің бұл хабарларының бірінде Маниу мен Братиянудың Советтер Одағына қарсы ашықтан-ашық үгіт жүргізіп отырғандығын және өткен уақытта саясат жөнінде бірі-бірімен келіспей жүргендігіне қарамастан, қазіргі күнде олардың

Грозга қарсы бірігіп отырғандығын атап көрсетеді.

«Бұл екеуінің (Маниу мен Братиянудың) және олардың партияларының ұстаған жолы бірдей. Ең алдымен олар Советтер Одағымен жақындасудың қажет екендігін айта келіп, бұдан соң бірінші жағынан, Англия мен Америка, және екінші жағынан Советтер Одағы арасында алауыздық болатындығына ішінара сенім білдіреді».

## Франко Испан республикасының көрнекті екі қайраткерін өлтірмекші болып отыр

ЛОНДОН, 15 сентябрь. (ТАСС). Рейтер агенттігінің хабары бойынша, Испанияға қарсы соғыс кезінде испанның республикашы армиясының бөлсенді басшылары болған Сантьяго Альварес пен Себастьян Санирайн Мадридте тұтқыңға алынды. Сол сыяқты, коммунист партиясының басшылары да тұтқыңға алынды.

НЬЮ-ЙОРК, 15 сентябрь. (ТАСС). АҚШ конгресінің мүшесі (Вашингтон штатынан) демократ Деласейдің Франкоға қарсы күнші ұйымның басшылары Сантьяго Альварес пен Себастьян Санирайнды ешбір сотсыз өлтіруге бел байлағандығы үшін Франко үкметін айыптан отырғандығын Ассошиэйтед Пресс агенттігі хабар етті. Деласейдің айтуына

қарағанда, ол бұл мәселені мемлекеттік департаментте талқыға салған көрінеді. Департаменттегілер оған әділеттікті сақтау үшін мүмкін болған барлық істің түгел істелетіндігін мәлімдеген.

Деласейдің мәлімдемесі бойынша, Альварес пен Санирайн 1937 жылы Кубада бола отырып, Қараиб аймағында фалангистік шпиондардың басшыларын іздестіріп табу ісін көмектескен. Бұдан соң, Альварес партизандар қатарында Францияда шайқасып, кейіннен Франкоға қарсы қозғалысты ұйымдастыру үшін Испанияға барған.

Жауапты редактор  
В. ОСПАНОВ.

УШ 02975.